



Мұғалімнің аты-жөні: Пазилова Гүлімжан
Пәні: қазақ тілі
Сыныбы: 11 «А,Б,Д,Е,Ж»
Күні: 26.09.2013ж.

КЕЛІСЕМІН
С.Рахымов ат. ШРӘМИ басшысының

ӘІ жөн. ор-ры _____ Р.Ә.Зулбикарова

Қысқа мерзімді сабақ жоспары 45 минут

Сабақтың тақырыбы: Табиғатқа саяхат. Буын және оның түрлері

Мақсаты: Білімділік. Табиғат жайлы түсініктерін молайту. Буын және оның түрлерін меңгерту. **Дамытушылық.** Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. **Тәрбиелік.** Табиғаттың адам өмірімен байланыстылығын ұғындыру арқылы оны аялауға баулу. Сауаттылыққа, ұқыптылыққа және шынайылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Табиғаттың кереметтілігін ұғынады және оны қорғауды біледі. Буын және оның түрлерін меңгереді. Мәтінмен жұмыс жасау барысында сөздерді буындайды және түрлерін ажыратады. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы шығармашылықтарын шыңдайды және жаңа сабақтан алған білімдерін шынайы өмірде пайдалануға дағдыланады.

Саб. кезең -дері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Пәнаралық байланыс	Сабақтың әдістері	Керекті жабдықтар
1 мин.	Оқушыларды түгелдеу	Командирдің сыныптағы орынбасары оқушылардың құрамы жайлы баяндайды	Этика		Топ ережесі
1 мин.	1. Геометриялық фигуралар арқылы топқа бөлу	Геометриялық фигуралар бойынша 3 топқа бірігеді.	Геометрия	Топтық әдіс	Смайликтер

2 мин.	2. Топтағы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында психологиялық тренинг жасату: «Доп лақтыру» ойыны	1. Допты лақтыру арқылы бір-біріне жақсы тілектерді айту.	Психология, ұлттық педагогика	Ой қозғау	Сандықша, доп
8 мин.	3. Үй тапсырмасын сұрау: Дауысты және дауыссыз дыбыстар.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді, өткен сабақтан алған білімдерін пысықтайды.	Биология	Сұрақ-жауап, Диалог	Тест жинағы
2мин	4. Өткен сабақты жаңа сабақпен байланыстыру арқылы миға шабуыл жасау	Фонетикалық талдау жасау арқылы жаңа сабақтың тақырыбымен танысу	Психология	Талдау	Оқулық
1мин	5. Табиғат жайлы кіріспе сөз	Тыңдау	Табиғаттану	Баяндау	Интербелсенді тақта
10мин	6. 1. Шығармашылық жұмыс беру 2. Бейне ролик көрсету 3. Бағалау критерийін ұсыну	Әр топ бір мезгіл жайлы сурет салады және оны қорғайды	Бейнелеу өнері, сызу	Негізгі идеяны суреттеу, Дарынды және талантты балаларды оқыту, Топты бағалау	Постер, маркер, стикер
2 мин	7. Сергіту сәтін ұйымдастыру арқылы жаңа тақырып бойынша миға шабуыл жасау: буындарын қимылдатып билету	Интербелсенді тақтада көрсетіліп жатқан бейне роликке қосылып, сергіту жаттығуларын қайталау	Физиология	Шынығу сәті	Бейне ролик
5 мин	8. Буын және оның түрлерін түсіндіру (Қазақ тіл білімінің салаларын қайталау арқылы жаңа сабақты түсіндіру)	Тақтада берілген ережені және тірек сызбаны дәптерлеріне түсіру	Сызу	Ассоциация	Ережелер мен талдаулар жинағы, Тірек сызба
8мин	9. Мәтінмен жұмыс жасату	Интербелсенді тақтада берілген сөйлемді буын үлгісінде талдау	Геометрия	Оқыту мен оқудағы жаңа әдістер	Интербелсенді тақта, Жаттығулар жинағы
2 мин.	8. Сабақты қорытындылау: кері байланыс жасау арқылы жаңа сабақты пысықтау	Жауап береді, білімдерін пысықтайды.	Педагогика	Топтастыру стратегиясы,	Тақта, бор

2мин.	9. Рефлексия: «Екі жұлдыз, бір тілек» және бағалау	Бүгінгі сабақтан үйренген екі мәліметті және білгісі келетін бір мәліметті алма стикерге жаза отырып, бүгінгі сабақтан алған білімі жайында өзіне баға қойып «Екі жұлдыз, бір тілек» алма ағашына жапсыру	Әдебиет	Сын тұрғыдан ойлауға үйрету, Өзін-өзі бағалау	Стикер, постер
1минут	10.Үй тапсырмасын беру.	1. «Табиғат тамашасы» тақ. презентация 2. Буын және оның түрлеріне әдебиеттен 10 мысал	Информатика, әдебиет	Акт	Ғаламтор Әдебиет оқулығы,

Сабақ қорытындысы:

Сабақтың жағымды жағы:

Сабақта жіберілген кемшіліктер: